

## **"Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясын құру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 9 қыркүйек N 859. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.12.30. N 1898 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Шаруашылықты басқару органдарының жүйесін жетілдіру туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1291 Жарлығын орындау үшін және ауыл шаруашылығын химияландырудың бірыңғай қызметі мен технологиялық байланыстардың үзілмеуін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Құнарлылықты арттыру жөніндегі "Қазқұнарлылық" республикалық мемлекеттік-кооперативтік бірлестігінің кәсіпорындары мен ұйымдарының негізінде N 1, 2 қосымшаларға сәйкес "Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясы (бұдан әрі Компания) құрылсын.

2. "Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясы құнарлылықты арттыру жөніндегі "Қазқұнарлылық" республикалық мемлекеттік-кооперативтік бірлестігінің мүліктік құқы мен міндеттерінің заңды мұрагері болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне Компаниямен бірлесе отырып 1993-1995 жылдарға арналған (II- кезең) мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жөніндегі Ұлттық бағдарламаға және Қазақстан Республикасы Президентінің "Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1137 Жарлығына сәйкес Компания құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік мүлкін қайта құруды жүзеге асыру тапсырылсын. Мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды акционерлендірген жағдайда құрылатын акционерлік қоғамдардың, белгіленген тәртіппен сатылатын акциялар пакетінен басқа, мемлекеттік акциялар пакетін Компанияға иеленуге, пайдалануға және басқаруға берсін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Компанияға оның құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру және реттеу жолымен мына мәселелерде:

- топырақ құнарлылығын сақтау мен арттырудың кешенді бағдарламасын әзірлеп, жүзеге асыруда және ауыл шаруашылығын химияландыру саласында бірыңғай саясат жүргізуде;

- өсімдіктерді зиянкестер мен аурулардан қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізуде;

- топырақтың, ауыл шаруашылық алаптарының және өнімдерінің агрохимиялық радиоактивтенуі мен техногендік ластануына, сондай-ақ топырақ құнарлылығының жайына және өзгеруіне экологиялық бақылау жасауды жүзеге асыруда;

- сор жерлерді мелиорациялау және егістіктерді кешенді

агрохимиялық баптауда;

- ауыл шаруашылығының химияландырудың өндірістік базасының объектілерін жаңғыртуға, кеңейтуге және жаңасын салуға инвестициялар, оның ішінде шет ел инвестицияларын тартуда мемлекет мүддесін сақтау тапсырылсын.

5. "Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясы заңды ұйым болып табылады, Қазақстан Республикасының заңдары, өз Жарғысы негізінде іс-әрекет етеді және республика агроөнеркәсіп кешенінің құрамына кіреді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 9 қыркүйектегі

№ 859 қаулысына

№ 1 қосымша

"Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясының

құрамына кіретін кәсіпорындар мен мекемелердің

Т І З Б Е С І

"Агрохимсервис" шағын мемлекеттік кәсіпорны, Алматы қаласы, кәсіпорнының құрамында:

Минералдық тыңайтқыштар мен улы химикаттардың республикалық орталық резервтік базасы, Қайрат ст. (бекет), Алматы облысы

Минералдық тыңайтқыштар мен улы химикаттардың Қостанайдағы

республикалық резервтік базасы, Қостанай қаласы

Республикалық материалдық-техникалық жабдықтау базасы, Алматы қаласы

"Жасыл желеңді қорғау" Алматы ауданаралық өндірістік бірлестігі, Алматы қаласы

"Агрохим" Республикалық ғылыми-технологиялық орталығы, Алматы қаласы және оның қарамағындағы облыстардағы бөлімшелер

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 9 қыркүйекті

№ 859 қаулысына

№ 2 қосымша

"Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік

компаниясының құрамына кірген, жекелендіруге

жатпайтын мекемелердің

Т І З Б Е С І

Республикалық өсімдіктерді қорғау станциясы, Алматы қаласы оның ішінде оның қарамағындағылар:

Ақмола облыстық өсімдіктерді қорғау станциясы

Ақтөбе облыстық өсімдіктерді қорғау станциясы

Алматы облыстық өсімдіктерді қорғау станциясы

Атырау облыстық шегірткеге-саршұнаққа қарсы күресу экспедициясы

Шығыс Қазақстан облыстық өсімдіктерді қорғау станциясы

Жамбыл облыстық өсімдіктерді қорғау станциясы

Жезқазған облыстық өсімдіктерді қорғау станциясы

Батыс Қазақстан шегіртке-саршұнаққа қарсы күресу станциясы

Қарағанды облыстық өсімдіктерді қорғау станциясы

Қызылорда облыстық шегірткеге қарсы күресу экспедициясы

Көкшетау облыстық өсімдіктерді қорғау станциясы  
Қостанай облыстық өсімдіктерді қорғау станциясы  
Маңғыстау облыстық өсімдіктерді қорғау станциясы  
Павлодар облыстық өсімдіктерді қорғау станциясы  
Солтүстік Қазақстан облыстық өсімдіктерді қорғау станциясы  
Семей облыстық өсімдіктерді қорғау станциясы  
Торғай облыстық өсімдіктерді қорғау станциясы  
Оңтүстік Қазақстан облыстық өсімдіктерді қорғау станциясы  
Ауылшаруашылық дақылдарының зиянкестері мен ауруларын болжайтын,  
диагностика жасайтын республикалық лабораториясы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК